

# Паспорт образовательной программы

**Дата регистрации в Реестре**

2022.07.18 11:51

**Регистрационный номер**

18444

**Дата обновления паспорта ОП:**

2022.07.18 11:51

**Код и наименование специальности:**

02150300 Вокалдық өнер

**Код и наименование квалификации/квалификаций:**

4S02150302 Дәстүрлі ән салу әртісі, балалар музыка мектебінің оқытушысы

**Регион:**

Жамбыл облысы

**Организация ТИППО (Разработчик):**

" Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжі" КМҚК

**Партнеры-разработчики:**

" К.Әзірбаев атындағы Жамбыл облыстық филармониясы" КМҚК, Тараз қаласы

**Цель ОП:**

Дәстүрлі музыка өнері саласында ән айту мен орындаушылық шеберлік қабілеттері бар, орындаушы, педагог ретінде кәсіби шығармашылық қызметке дайын дәстүрлі ән салу әртісі мен балалар музыка мектебінің оқытушысын даярлау.

**Уровень по НРК:**

4

**Уровень по ОРК:**

4

**Профессиональный стандарт (при наличии):**

" Вокалдық өнер" "Атамекен" ҰКП 22.12.2016 ж. № 288 бұйрыққа № 6 қосымша,  
"Актерлік өнер" "Атамекен" ҰКП 22.12.2016 ж. № 288 бұйрыққа № 7 қосымша,  
"Педагог" "Атамекен" ҰКП 08.06.2017 ж. № 133 бұйрыққа қосымша.

**Профессиональный стандарт WorldSkills (при наличии):**

жоқ

**Форма обучения:**

күндізгі

**База образования:**

негізгі орта білім

**Язык обучения:**

мемлекеттік

**Общий объем кредитов:**

240

**Дата рассмотрения ОП на методическом (учебно-методическом/научно-методическом) совете организации образования об одобрении паспорта ОП (выписка из протокола заседания) с согласованием работодателя и/или индустриального совета:**

24.02.2022 ж.

**Номер лицензии на занятие образовательной деятельностью:**

KZ78LAA00017906

**Номер приложения к лицензии на занятие образовательной деятельностью:**

012

**Дата прохождения специализированной аккредитации по данной специальности (при наличии):**

21.01.2019 ж.

**Отличительные особенности ОП:**

-

**Сведения о содержании модулей/дисциплин:**

№ модуля/дисциплины	Наименование	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	ЖБП 1. Қазақ тілі	Қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктерінде коммуникативтік әрекеттер түрінде (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану, күнделікті өзі еркін қолданып жүрген қарым-қатынас құралынан оны тілдік заңдылықтар негізінде танып - білу дағдыларын қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Орфография. Тіл және алаш идеясы», «Әлем жаңалықтары: өнер және мәдениет», «Фонетика: Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өнер», «Әдеби норма. Экономикалық интеграция – бүгінгі күннің даму үрдісі», «Сөз мәдениеті. Білім. Ғылым. Инновация», «Сөзжасам. Қазіргі қоғам: әлеуметтік теңсіздік», «Синтаксис. Сәулет өнері», «Пунктуация. Қазіргі әлемдегі	4/96

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>саясат және жаһандық мәселелер», «Қазақстан бейнесі. Қазақстанның өткені мен келешегі. Шешендік сөздер. Орфография. Ғылыми стиль», «Жастар мәдениеті және мәселесі. Шешендік сөздер. Орфография. Публицистикалық стиль», «Қазіргі қоғам. Миграция. Зияткерлік миграция. Шешендік сөздер. Фонетика. Ресми іс қағаздар стилі», «Әлемді өзгерткен өнертабыстары. Шешендік сөздер. Сөз мәдениеті. Публицистикалық стиль», «Бейбітшілік, қауіпсіздік және жаһандық экономика. Шешендік сөздер. Сөз мәдениеті. Көркем әдебиет стилі», «Ұлттың тарихи жәдігерлерін сақтау. Шешендік сөздер. Мәтін», «Табиғат және экология. Шешендік сөздер. Мәтін», «Жаңа әлемдегі театр мен кинематография. Шешендік сөздер. Пунктуация», «Еңбек нарығы және сұраныс. Шешендік сөздер. Пунктуация. Сөйлеу мәнерлілігі».</p>	
ЖБП 2. Қазақ әдебиеті	<p>Креативті ойлауға бағыттау, ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру. Білім алушылар әдеби жанрларға эксперимент жасау арқылы драмалық шығарманы проза тілімен, прозаны поэзия тілімен жазу тәсілдерін меңгере алады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қалың елім, қазағым», «Прозадағы көркем ой», «Аңызбен өрілген көркем сөз», «Заман, дәуір тұлғасы», «Тарихтың шертіп</p>	4/96

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	пернесін», «Пайым мен парасат», «Ғасырлық туынды», «Әдебиеттегі сан сарын».	
ЖБП 3. Орыс тілі және әдебиеті	<p>Орыс тілі мен әдебиетін кіріктірілген оқыту негізінде тілдік дағдыларды жетілдіруге ықпал етеді, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырады және дамытады, ғылыми-техникалық, көркем-эстетикалық, әлеуметтік салалардағы ақпаратты пайдалануға мүмкіндік береді, жалпы әлемдік білім беру кеңістігінде бағдарлануға көмектеседі. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Туризм: Экотуризм», «Человек и Родина», «Наука и этика», «Планета. Земля. Океаны», «Литература и искусство», «Тема социального неравенства в СМИ и литературе», «Торговля и помощь. Справедливая торговля», «Значение труда в жизни человека и общества», «Показатель развития общества: экология, биоресурсы», «Свободное время как показатель развития общества», «Человек и история», «Энергия будущего. Энергия слова», «Мир и безопасность», «Театр и кино в современном мире», «Высшая ценность – права человека», «Современное общество: миграция».</p>	5/120
ЖБП 4. Шетел тілі	Білім берудің алдыңғы сатысында қол жеткізілген ағылшын тілін меңгерудің бастапқы деңгейін арттырады, тұрмыстық, мәдени, кәсіби және ғылыми қызметтің әртүрлі салаларындағы әлеуметтік-коммуникативтік міндеттерді	4/96

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>шешу үшін қажетті және жеткілікті коммуникативтік құзыреттілік деңгейін меңгеруіне ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: « Legend or Truth», « Controversial Issues», «Virtual reality», «Out of this World», «Stress and Fear», « Imagination and Creativity», «Reading for Pleasure», «Independent Project», « Making contact», «Investigate and report on animal world bats eagles bees and dolphins», «Interviews and instructions», «Investigate and report on timekeeping devices/Science video», «Work and inventions», «Social change and further study», «Making statements and providing information», «Clothes journeys».</p>	
ЖБП 5. Қазақстан тарихы	<p>Қазақстанның түрлі тарихи кезеңдердегі этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының негізгі мәселелерін ұғынуына, оның әлемдік тарихи үдерістегі орны мен рөлін айқындауына; тарихи санасы, азаматтылығы мен патриотизмі бар тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Өркениет: даму ерекшеліктері», «Этникалық және әлеуметтік процестер», «Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан», «Мәдениеттің дамуы», «Өркениет: экономикалық даму ерекшеліктері», «Саяси-құқықтық процестер», «Қоғамдық-саяси ойдың дамуы», «Білім мен ғылымның дамуы».</p>	4/96
ЖБП 6. Дүниежүзі тарихы	Түрлі тарихи кезеңдерде әлем тарихының этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының негізгі	6/144

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>мәселелерін ұғыну арқылы тұлғаның тарихи санасын қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Өркениет: даму ерекшеліктері», «Этникалық және әлеуметтік процестер», «Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан», «Мәдениеттің дамуы», «Өркениет: даму ерекшеліктері», «Саяси-құқықтық процестер», «Қоғамдық-саяси ойдың дамуы», «Білім мен ғылымның дамуы».</p>	
ЖБП 7. Өзін-өзі тану	<p>Жеке тұлғаның адамгершілік негіздерін қалыптастыруға, оның рухани жетілуіне және өзін-өзі жүзеге асыруына, үйлесімді дамуына ықпал етеді, өзін және басқа адамдарды қабылдауға және түсінуге ықпал етеді, ашықтықтың, әлеуметтік жауапкершіліктің, шығармашылық белсенділіктің және өмірді жағымды қабылдаудың дамуына ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Таным жолында», «Тұлғаның қалыптасуы», «Қоғамдағы өмір», «Адамзат әлемі».</p>	2/48
ЖБП 8. Математика	<p>Байланысты пәндерді оқу, практикалық іс-әрекетте қолдану үшін қажетті математикалық білімді қалыптастырады. Пән келесі бөлімдерден тұрады: «Функция, оның қасиеттері мен графигі», «Математикалық статистика және ықтималдық теориясы», «Дәрежелер мен түбір. Дәрежелік функция», «Көрсеткіштік және логарифмдік функциялар», «Функция шегі және үзіліссіздігі», «Туынды және оның қолданылуы»,</p>	5/120

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	«Алғашқы функция және интеграл», «Стереометрия аксиомалары. Кеңістіктегі параллельдік және перпендикулярлық», «Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі және векторлар», «Көпжақтар», «Айналу денелері және олардың элементтері», «Денелер көлемдері».	
ЖБП 9. Информатика	Аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету, деректерді ұсыну, ақпараттық процестер мен жүйелер, ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру, компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы білімді, икемдер мен дағдыларды қалыптастырады. Пән «Компьютерлік жүйелер», «Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру», «Ақпараттық процестер мен жүйелер», «Қосымшаларды құру» сияқты бөлімдерді зерттейді.	2/48
ЖБП 10. Физика	Ғылыми дүниетанымның негіздерін, әлемнің жаратылыстану бейнесін тұтас қабылдауды, табиғат құбылыстарын бақылау, талдау және бекіту қабілеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Механика», «Молекулалық физика», «Электр және магнетизм», «Тербелістер», «Толқындар», «Оптика», «Кванттық физика», «Нанотехнология және наноматериалдар», «Космология».	3/72
ЖБП 11. Графика және жобалау	Бейнелеу теориясының негіздері, жобалау және графикалық модельдеу әдісінің заңдылықтары	3/72

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>туралы білімді қалыптастырады, жобалық, шығармашылық қызметті дамытуға, графикалық мәдениетті және дәстүрлі және заманауи графика құралдарымен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Ақпаратты визуализациялау графикалық тәсілдері мен құралдары», «Кесіндердің негізгі түрлері және оны құрастыру», «Кескіндерді түрлендіру», «Пішін қалыптастыру және құрылымдау», «Пішінді түрлендіру», «Техникалық, сәулет-құрылыс және ақпараттық графика элементтері», «Жобалау және жобалау графикасы».</p>	
ЖБП 12. География	<p>Географиялық кеңістіктің барлық деңгейлерінде туындайтын геоэкологиялық, экономикалық, әлеуметтік, геосаяси және жаһандық проблемаларды шешуге бағытталған білімді, іскерлікті және дағдыларды қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Географиялық зерттеу әдістері», «Картография және геоинформатика», «Табиғатты пайдалану және геоэкология», «Геоэкономика», «Геосаясат», «Елтану», «Адамзаттың ғаламдық проблемалары».</p>	6/144
ЖБП 13. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	<p>Мемлекет қорғанысының негіздері, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің тағайындалуы, олардың сипаты мен ерекшеліктері туралы түсініктерді қалыптастырады, әскери қызметке саналы көзқарасты тәрбиелейді,</p>	4/96

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>төтенше жағдайларда адамның тіршілік әрекеті қауіпсіздігінің дағдыларын қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі», «Әскери қызметтің құқықтық негіздері», «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары», «Тактикалық дайындық», «Атыс дайындығы», «Саптық дайындық», «Әскери топография», «Әскери роботты техникалардың негіздері», «Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері», «Технологиялық дайындық».</p>	
ЖБП 14. Дене тәрбиесі	<p>Жалпыадамзаттық мәдениет саласында белсенді шығармашылы қөзін-өзі жүзеге асыруға дайын тұлғаны қалыптастыруға, дене және психикалық денсаулығын нығайтуға деген ынтасын арттыруға, спорттық-ерекше қимыл дағдыларын алуға және дене қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Денешынықтыру туралы білім», «Жеңіл атлетика», «Спорттық ойындар», «Гимнастика», «Ұлттық спорт түрлері», «Қысқы спорт түрлері», «Жүзу».</p>	5/120
БМ 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру	ОН 1.1. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау.	1/24
	ОН 1.2. Дене қасиеттері мен психофизиологиялық қабілеттерді	1/24

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	жетілдіру.	
БМ 2. Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану	ОН 2.1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздерін меңгеру.	1/24
	ОН 2.2. Ақпараттық-анықтамалық және интерактивті веб-порталдардың қызметтерін пайдалану.	1/24
БМ 3. Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін кәсіби қызметте қолдану	ОН 3.1. Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді меңгеру.	1/24
	ОН 3.2. Кәсіпорында болып жатқан экономикалық процестерді талдау және бағалау.	1/24
	ОН 3.3. Әлемдік экономиканың даму үрдістерін, мемлекеттің «жасыл» экономикаға көшуінің негізгі міндеттерін түсіну.	1/24
	ОН 3.4. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми және заңнамалық негіздерін меңгеру.	1/24
	ОН 3.5. Іскерлік қарым-қатынас этикасын сақтау.	1/24
БМ 4. Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану	ОН 4.1. Төзімді және белсенді жеке ұстанымды қалыптастыратын моральдық-адамгершілік құндылықтар мен нормаларды түсіну.	1/24
	ОН 4.2. Әлемдік өркениеттегі Қазақстан Республикасы халықтары мәдениетінің рөлі мен орнын түсіну.	1/24
	ОН 4.3. Құқықтың негізгі салалары туралы мәліметтерді меңгеру.	1/24
	ОН 4.4. Әлеуметтану мен саясаттанудың негізгі түсініктерін	1/24

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	меңгеру.	
КМ 1. Музыкалық-теориялық дағдыларды көркем-шығармашылық және педагогикалық практикада қолдану	ОН 1.1. Музыкалық тілдің маңызды элементтерін және олардың өзара байланысын анықтау.	4/96
	ОН 1.2. Музыкалық шығармаға талдау жасау.	2/48
	ОН 1.3. Дамыған музыкалық есту және музыкалық есте сақтау қабілетінің бар болуы.	14/336
	ОН 1.4. Үйлесімділіктің анық және форма қалыптастырушы мүмкіндіктерін қолдану.	10/240
	ОН 1.5. Тональды үйлесімділіктің жалпы заңдылықтары туралы білімді қолдану.	2/48
	ОН 1.6. Фортепианода ойнау дағдыларын көрсету.	8/192
КМ 2. Музыкалық шығармаларды фрагменттік және тұтас талдауды жүзеге асыру	ОН 2.1. Музыкалық-тарихи кезеңдерді, стильдер мен жанрларды ажырату.	8/192
	ОН 2.2. Қазақ музыка өнерінің тарихы және дамуы туралы білімдерін пайдалану.	4/96
	ОН 2.3. Музыкалық шығармаларды мазмұны мен көркемдік формасының бірлігі тұрғысынан талдау.	2/48
КМ 3. Дәстүрлі халық музыкасы шығармаларынан жеке бағдарлама дайындау және орындау	ОН 3.1. Дәстүрлі халық музыкасы шығармаларынан жеке бағдарлама дайындау және орындау.	24/576
	ОН 3.2. Шығармашылық-өндірістік қызметке қатысу.	2/48
	ОН 3.3. Дауыс аппаратының гигиенасы және дауыспен жұмыс істеудің ерекшеліктері туралы білімді қолдану.	2/48

Наименование № модуля/дисциплины		Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
		ОН 3.4. Дәстүрлі вокалдық орындаушылық өнер тарихы бойынша білімді қолдану.	3/72
		ОН 3.5. Дауыс аппаратының ән айтуға дайындығын көрсету.	7/168
		ОН 3.6. Домбырада ойнау дағдыларын көрсету.	8/192
	КМ 4. Сахналық шеберлікті меңгеру	ОН 4.1. Орындалатын шығармада сөйлеудің функционалды стильдерін, әдеби айтылу нормаларын қолдану.	2/48
		ОН 4.2. Әртістік қабілеттерін көрсету.	6/144
		ОН 4.3. Сахналық тапсырмаларды орындау үшін қажетті актерлік техника мен сахналық қозғалыс элементтерін меңгеру.	2/48
		ОН 4.4. Ансамблдің сүйемелдеуімен жеке ән айту.	12/288
		ОН 4.5. Жыраулар өнерін меңгеру дағдыларын көрсету.	5/120
		ОН 4.6. Әртүрлі аймақтық мектептердің шығармаларын орындау.	4/96
	КМ 5. Педагогикалық қызметті жүзеге асыру	ОН 5.1. Музыкалық педагогика және психология негіздерін меңгеру.	3/72
		ОН 5.2. Дәстүрлі ән айтуды оқыту әдістерін меңгеру	7/168
		ОН 5.3. Балалар музыка мектебінің репертуарын көркемдік құндылығы мен әдістемелік орындылығы тұрғысынан орындау және талдау.	2/48
		ОН 5.4. Орындаушылық сыныпта оқытушы ретінде жұмыс істеу дағдыларын көрсету.	6/144
		ОН 5.5. Балалар музыкалық мектептеріндегі оқушылардың музыкалық-орындаушылық тәрбие	6/144

<b>Результаты</b>		
<b>Наименование</b>	<b>обучения/Краткое описание</b>	<b>Объем</b>
<b>№ модуля/дисциплины</b>	<b>дисциплины</b>	<b>кредитов/часов</b>
	процесін жобалау.	
Аралық, қорытынды аттестаттау	-	15/360